

С.Сейфуллин атындағы университетте АИТВ-мен күреске арналған кең ауқымды акция өтті

2025 жылдың 5 желтоқсанында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде «Қиындықтардан – өзгерістерге: АИТВ-ға қарсы күрес жауапкершілігі» атты кең ауқымды ақпараттық акция өтті.

Іс-шараның мақсаты – жастар мен қоғам назарын АИТВ-инфекциясының таралуы мен алдын алу мәселесіне аудару, ақпараттану деңгейін арттыру, стигма мен кемсітушілікті төмендету, тестілеу мәдениетін және салауатты өмір салтын насихаттау.

Ұйымдастырушылар: Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы.

Акция аясында жастармен ашық диалог, сұрақ-жауап форматында пікір алмасу ұйымдастырылып, қызықты викторина, музыкалық қойылымдар, фотозона ұсынылды.

Шараны АИТВ-ның алдын алу орталығы директорының міндетін атқарушы Панченко Денис Валерьевич ашып, жастарға сәттілік тілеп, АИТВ туралы маңызды ақпараттармен бөлісті. Викторина жеңімпаздарына естелік сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ, қалауы бойынша қатысушыларға АИТВ-ға жедел тестілеуден өту мүмкіндігі берілді.

Мұндай іс-шаралар – жастардың денсаулығын қорғауға, қауіптің алдын алуға бағытталған маңызды қадам.